



ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жаһандық әділеттілік және
жаһанданудың этикалық мәселелері



Жаһандандудың моральдық-этикалық қырлары

Жаһандану мәселесі осы оқулықтың соңғы жиырмасыншы тарауын қамтиды. Әрине, бұл - үлкен, ауқымды тарау және ондағы сұрақтар барлығымызға қатысты және бәрімізге қызық болуы мүмкін. Сондықтан мен сіздерге осы оқулықты оқуға кеңес беремін. Ал, олай болса, кірісейік.

Жаһандық жауапкершілік және жаһандық әділдік, жаһандану дегеніміз не? Осы тарауды оқи келе, сіздер мынадай нәрселерді үйренулеріңіз мүмкін: жаһандық әділдік мәселесіне байланысты қазіргі пікірталастармен, этикалық тұтынушылық пен әділ сауда-саттық идеясымен танысасыздар, жаһандық мәселелерге байланысты утилитаризм, әділдік және құқық деген терминдердің қалай айқындалатынын көресіздер. Экономикалық жаһандануға байланысты сыни көзқарастар мен оны жақтайтын көзқарастардың айырмашылығын ажырата білесіздер, жаһандануға және мәдени әралуандыққа, тағы да басқа релятивизм сияқты ұстанымдардың арасындағы өзара байланысты көресіздер. Халықаралық көмек пен халықаралық ұйымдардың деңгейінің қаншалықты дамып жатқанына көз жеткізесіздер. Және тағысын тағы осындай жаһандық проблемалардың ортаға салынуына байланысты түрлі зерттеулердің нәтижелермен танысу мүмкіндігі туады. Соңғы жылдары жалпы әлемнің бірте-бірте интеграцияланып жатқаны байқалады. Мысалы, Батыс Африкасындағы Эбола вирусының таралып кетуі сонау Солтүстік Америкада, басқа елдерде, тіпті біздің де денсаулық сақтау жүйелерімізде алаңдаушылық тудырғаны рас. Еуропалық жастар Таяу Шығысқа барып, ИГИЛ-дің, яғни, Ислам мемлекеті деп аталатын радикал ұйымның соғысына қатысуға деген ниет білдіріп, сол елдерге кетіп қалған жағдайлары да жиі кездеседі.



Ислам мемлекеті (бұрынырақта Ирак пен Леванттың ислам мемлекеті) – халықаралық, исламдық, сунниттік, экстремистік, террористік ұйым.

Осы ИГИЛ-мен және басқа да осындай радикал топтарға байланысты террористер Еуропа мен Солтүстік Америкаға, басқа да әлемнің түрлі елдеріне, осы біздің Ресей болсын, Қазақстан болсын ТМД елдерінде де бұндай жағдайлардың бар екендігін бәріміз де білеміз. Таяу Шығыс елдерінен шыққан босқындар осындай саяси мәселелерден қашып, Еуропадан пана іздегенін де бәріміз білеміз. Оңтүстік және Орталық Америкадан шыққан эмигранттар әлде де АҚШ-на өтіп, қайта-қайта шекараны бұзып жатқан фактілері жиі кездеседі. Климаттың өзгеруіне байланысты жаһандандудың экологиялық мәселелеріне байланысты түрлі қауіп-қатерлер бүкіл әлемдегі барлық елдерге төніп тұрғаны да өз алдына бір мәселе.

«Көбелек әсері»

Дүниежүзіндегі бір елдің нарығындағы болған бір құлдырау әлемнің басқа бір бөлігіндегі дүкендердегі бағаларға тікелей әсер ете алуы да қазір таңқаларлық жағдай емес. Мұнай, электроника, кітаптар, кино өнері, музыка, ұшақтар, жалпы адамдардың барлығы біріне-бірі өтіп, біріне-бірі ортақ болып, жаһандану процесстерінің біздің өміріміздің барлық жерлерінде орын алып жатқаны бәрімізге де мәлім шығар. Бір көне шығыс даналығына сенетін болсақ, егер дүниенің бір бұрышында бір көбелек қанат қағып тұрған болатын болса, дәл осы көбелектің қанат қағуы әлемнің басқа бір бұрышындағы алапат дауылға алып келуі мүмкін деген шығыс даналығы бар. Осындай әсерді қазіргі авторлардың бірі «көбелек әсері» деген атаумен идея ретінде өрбітіп, дамытқан болатын. Осы идеяға сенетін болсақ, біздің әлемнің кез-келген бұрышындағы болып жатқан қазіргі жаһандану дәуіріндегі оқиғаларға біздің бәріміз де міндетті түрде ол бізге әсер етіп, біз оған жауап беруіміз қажет болып жатады. Осындай «көбелек әсерінің» авторлары бізге жаһандандудың этикалық ақталуы оның жалпы бүкіл әлем халқының келешек өмір жағдайларының жақсаруына уәжде беруінде, алайда, кейде осы уәде орындалмай қалатын болса, оны күткен адамдардың кері бір эмоцияларын тудырып, олардың қарсылықтарын тудыратын сияқты.

Консеквенционализм

Жаһандандудың осындай түсініктемесі консеквенционализмге келіп саяды. Жаһандану дегеніміз, егерде ол бізге жақсы нәтиже беретін болса, жақсы нәрсе деген түсінік бар. Ал енді осыған байланысты құқық,



жауапкершілік мәселесіне келгенде жаһандандудың алар рөлі қандай екен? Әлемнің кез-келген түкпіріндегі басқа адамдар туралы алаңдаушылығымыздың болуы бізге міндет пе?

Мысалы, біз сонау Африкадағы немесе басқа бір Азия елдеріндегі үлкен кедейшілікте өмір сүріп жатқан адамдар жайында алаңдауға біз міндеттіміз бе? деген сияқты сұрақтар да осы жаһандандудың нәтижесі болып шығады. Жаһанданду интеграциясынан туындайтын осындай проблемалар бізге саяси босқындарды қабылдау, жргілікті халықтардың, байырғы тұрғындардың мәдениетіне құрметпен қарау деген сияқты түрлі біздің реакцияларымызды талап етіп жатады. Осындайдан туындайтын сан түрлі этикалық мәселелер өзара байланысты болып шығады. Біз олардың барлығына бірдей назар бөле алмаймыз, дегенмен, осы тараудың, дәрістердің аясында бірнеше сұрақтардың ғана басын шалып өтсек болады.

Сьерра-Леоне Республикасы – Атлант мұхитының жағалауындағы Батыс Африка мемлекеті. Аумағы 72 мың шаршы км. Халық саны – 6 млн жуық. Әлемдегі ең кедей елдердің бірі. ЖІӨ 380 доллар көлемінде. Елдің экономикалық мәртебесіне тек жұмыс орындарының болмауы ғана емес, бала өлімінің көрсеткіші жоғары болуы да әсер етіп отыр.



Бұл жерде біздің есімізде болуы тиіс нәрсе – осыған дейінгі тарауларда, дәрістерде біз экономикалық мүмкіндіктер, әлеуметтік әділдік, адамдардың құқықтарына, жануарлардың құқықтарына деген құрмет және мәдени релятивизмге қатысты біздің көзқарасымыз сияқты мәселелерді қайтадан бір шолып өтеміз.

Ал, олай болса, ең алдымен, біздің киіміміз немесе тамағымыз қайдан келіп жатыр деген мәселеге бір тоқталып өтсек. Мысалы, сіз бүгін таңертең ішкен таңғы асыңыз немесе үстіңізге киіп отырған көйлегіңіздің тауарлық белгісіне қарайтын болсаңыз, сіз оның басқа елде өндірілгенін, немесе басқа елде өңделгенін байқасаңыз болады. Сіздің киіміңіздегі жазу оның Бангладеште, Қытайда немесе Сингапур сияқты басқа бір елде өндірілгенін көруге болады. Демек, осы киімнің сол жақта өндірілуінің себебі – Қытайдағы, Шри-Ланкадағы немесе Бангладештегі жұмыс күшінің арзандығымен байланысты. Яғни, кез-келген әлемдік компаниялар жұмыс күші арзанырақ елдерге барып, зауыт-фабрикаларды ашып, сол елдердегі әлеуметтік шығындарды ғана жауып, оларға осындай бір бизнес жасау тиімді жол болып көрінуі мүмкін. Алайда, мұнда көптеген этикалық мәселелер туындайды. Мысалы, 2013 жылы Бангладештегі тігін фабрикасы қирап қалып, оның үйіндісінің астында 1120 жұмысшыдан астам адам қаза болды. Сол сияқты 2016 жылы Бангладештегі тағы бір тігін фабрикасындағы дәл осындай апатты жағдай орын алып, ол жерде жүзден астам адам қайтыс болды. 2013 жылы Камбоджадағы аяқ-киім фабрикасында да осындай апат болып, онда екі адам қайтыс болып, ондаған адамдар жедел жәрдемге жүгінуге мәжбүр болып қалды. 2011 жылы да Apple-дің iPad-тарды өндіретін Қытайдағы зауыттарында осындай апатты жағдайлар болып, төрт жұмысшы қаза болған еді. Яғни, жиі-жиі осындай мәселелер туындап отыратынын дамушы елдердегі бай компаниялардың зауыт-фабрикаларында осындай апатты жағдайлардың болып отыратынына қарап, олардың қаншалықты әлеуметтік жауапкершілікті мойнына алатынына байланысты сұрақты көтеруіміз мүмкін. Осының бір жарқын мысалы ретінде Уолт Дисней компаниясының дамушы елдердегі Дисней брендімен шығарып жатқан өнімдерінен бас тартатынын жария еткен бір жағдайды еске түсірсек болады. Бұл компанияның өндірісінен бас тартуының себебі осы дамушы елдердегі өндіріс стандарттарының және құқықтық реттеу мәселелерінің жетілмеуіне байланыстырды. Бұндай дамушы елдердің қатарына Бангладеш, Пакистан, Беларусь, Эквадор және Венесуэла сияқты елдер кірді.

Вьетнам, Камбоджа, Бангладеш және т.б. елдерде жұмыс күші ең арзан саналады.



Кейбір адамдар бұл қадамды Дисней компаниясының ішкі моральдық жауапкершілігінің бір жарқын көрінісі ретінде қабылдады. Алайда, сыншылардың айтуынша, егер де ірі корпорациялар осындай дамушы елдерден кетіп қалатын болса, олардың нарығынан шығып кететін болса, бұл сол елдердегі жұмыссыздықтың үлкен проблемасын тудырып, осы жұмысшылар үшін теріс салдарлары болуы әбден



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Жаһандық әділеттілік және жаһандандудың этикалық мәселелері
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

мүмкін. Кейбір брендтер мен сауда желілері, еңбек көшбасшыларының жергілікті өндірістермен жұмыс жасай отырып, осы жергілікті билік өкілдерімен келісе, олардың еңбек құқықтарын қорғауға жақсы жұмыс жағдайларын, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ынтымақтастық орнатып, келісімшарт жасасып жатады. Алайда бұл барлық жерде бірдей адал бола бермейтін жұмыс секілді.

Тұтынушылық этика

Сол сияқты, әрине, егер кез-келген ірі корпорация немесе компания дамушы елге келіп, оның жағдайын жақсартып жатса, халқына жақсы жағдай жасап жататын болса, ол нұр үстіне нұр болар еді. Дегенмен, егер компания дамушы елдердегі жұмысшыларына айлықтарын көтеретін болса, бұл міндетті түрде сол елдің нарықтарына, тауарларын өткізу нарықтарындағы бағалардың реттелуіне кері әсерін тигізеді. Яғни, оның тауарлары қымбаттауға міндетті болады. Ал қазіргі кезде жаһандану процесстерінің нәтижесінде Еуропадағы немесе Америкадағы адамдар осындай дамушы елдердің жұмыс күшін қанап отырған корпорациялардың қызметін адал пайдалану үшін олардың тауарларына сәл көбірек ақша төлеп, бірақ өздерінің адамгершілік борышын орындағысы келетінін байқаймыз. Расында да, кейбір адамдарға заттың, тауардың немесе кейбір қызметтің құны емес, оны өндіріп жатқан адамның әлеуметтік жағдайының маңыздылығы жоғары болуы мүмкін. Шындап келетін болсақ, бұл компания немесе корпорация осындай әділ сауда принципін ұстанамын деп, тауарларының бағасын көтергенімен, кей кездері дамушы елдердегі жалдап отырған жұмысшыларының еңбекақысын немесе олардың жұмыс жасау жағдайларын жақсартпай да қоятын жағдайлар да кездеседі. Яғни, бұл этикалық ар-ұят, намыс мәселесіне байланысты байқалатын кейбір жағдайлар. Егер тұтынушылық этикаға байланысты осындай мәселелерді, ұстанымды жан-жақты қарастырғымыз келетін болса, онда тұтынушылық таңдау жасайтын кезімізде өзіміздің моральдық жауапкершілігімізді және өзіміздің азаматтық ұстанымдарымыздың қаншалықты маңызды екенін қарастыруымыз керек. Біз бір өнімнің өндірілуі үшін оны жасайтын адамның еңбекақысының әділ, оның жұмыс жағдайының қауіпсіз болуы үшін сол тауарға көбірек ақша төлеуге дайынбыз ба, әлде бізді ол қызықтырмауы тиіс пе? Мұның екі түрлі концепциясы бар. Бірінші концепциясы: ия, біздің қаржымыздың көп кеткеніне қарамастан, сол тауарды өндіріп отырған адамның жағдайы жақсаратын болса, онда бұл екі нәрсенің үйлесімі этикалық тұрғыда өте дұрыс деген пікір болуы мүмкін. Дегенмен, біз барлық адамдардың барлығына бірдей осындай ұстанымды бұйыра алмаймыз. Яғни, кейбір адамдардың топтары: жоқ, мен не себепті айдаладағы бір елде кедей жағдайда өмір сүретін адамның игілігі үшін өзім ақша көбірек төлеп, өзімнің жеке мүддеме нұқсан келтіруім тиіс деген мәселені алға тартуы мүмкін. Және, бір жағынан, оның да өз уәжі әділетті болып көрінеді, себебі, мысалы, біздің қоғамға келетін болсақ, Африкадағы аштықтан немесе судың жетіспеуінен қиналып жатқан балалардан немесе адамдардан бұрын еліміздегі өзіміздің қара домалақтарымызға көбірек көмегімізді көрсеткеніміз бізге әлдеқайда әділ болып көрінуі мүмкін. Алайда, жаһандану этикасы теориясы тұрғысынан қарастыратын болсақ, бұл – әрине, әділетсіз нәрсе болып шығады. Алайда, осыған дейін айтқанымыздай, этика мәселесіне келгенде, ешқандай да біржақты ұстаным жоқ және барлық ұстанымдардың өзінің айтатын уәжі, өзінің айтатын дәлелі бар. Сондықтан біз мұны да ескеруіміз керек. Ал әділ сауда-саттық мақсатына келетін болсақ, дамушы елдердегі жағдайы төмен адамдарға олардың жағдайын түзетуге, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға көмектесуіміз басты мақсат болып табылады. Мысалы, сіз дүкендерде немесе Интернет желісінде әділетті сауда-саттық брендін жария етіп, кейбір тауарлардың сәл қымбатырақ болғанын байқаған боларсыз.



FAIRTRADE
INTERNATIONAL

«Fair Trade» дегеніміз – тауардың шынайы өндірушілерінің құқықтары сақталып, қоршаған ортаға зиян тигізілмейтін нарықтық халықаралық сауда үлгісін насихаттайтын қазіргі әлеуметтік қозғалыс.

Мысалы, Фэйр трейд кофесі осындай үлгінің жарқын мысалы бола алады. Ол өзінің жұмысшыларына, олардың жағдайларын жақсартып, өмір сүру деңгейін арттыра отырып, бірақ өздерінің кофесінің бағасын кішкене арттырып отыратынын ашық айтады, жариялы етеді. Кей адамдар, қазіргі қоғамның кей тұтынушылары мұны құп көріп, сол брендтің заттарын қуана-қуана тұтынады. Дегенмен, мұнда тағы бір мәселе шығады. Біз осы брендтің, осы компанияның, расымен де, бізден алған артық ақшасы үшін дамушы



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Жаһандық әділеттілік және жаһандандудың этикалық мәселелері
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

елдердегі адамдардың жағдайын жақсартты ма, әлде жақсартқан жоқ па деген тағы бір мәселе туындауы мүмкін. Дәл осындай жағдай қазіргі кезде кеңінен танымал болып жатқан түрлі халықаралық көмек көрсету ұйымдарына да байланысты. Себебі, сіз, мысалы, Африкадағы аштан қырылып жатқан тайпаларға көмек көрсетемін деп ақша бөлетін болсаңыз, сіз ол ақшаның шынында да сол мақсатқа жұмсалып жатыр ма, жұмсалып жатқан жоқ па деген нәрсені өз көзіңізбен тексере алмайсыз. Және оған сізге ешкім де нақты дәлел келтіре алмайды. Сондықтан адам қолынан тек қана сенім білдіріп, өзінің ниетін іске асыру ғана қалады. Ал қалған нәрсенің барлығы осыны ұйымдастырушы жақтардың жауапкершілігіндегі, ар-ұятындағы мәселелерге айналады. Басқаларға көмек көрсету міндетті ме, міндетті емес пе деген мәселе туындауы мүмкін. Әсіресе, дүниежүзінің басқа бір бөліктеріндегі кедей адамдарға көмек көрсету бізге міндетті ме, міндетті емес пе? Мысалы, Исламның бір ұстанымы бойынша, егер адам ең алдымен өзінің жағдайын дұрыстайтын болса, егер өзінің жақындарының жағдайын дұрыстайтын болса, және әрбір адам осы ұстанымды үлгі ететін болса, ендеше жалпы дүниежүзінде мұндай мәселенің туындамауы да мүмкін еді. Алайда біз көріп отырған әлем әралуан болғандықтан, біздің адами тұрғыдағы жауапкершілігіміз басқаларға көмектесуді бізден талап етеді. Біз барынша, қолымыздан келгенше басқа адамдарға көмек көрсетуіміз керек, егер этикалық тұрғыда алатын болсақ. Кей адамдар өздерінің жеке мүдделеріне барынша көп көңіл бөлу, тіпті этикалық тұрғыда ақтаулы, өте дұрыс, орынды нәрсе деп айтуы мүмкін. Себебі, расында да, адамның өзінің жеке мүдделерін қанағаттандыру оның құқысы, және ешкім де оған жеке мүдделерін ысырып тастап, басқа біреудің мүддесін көздеуді талап ете алмайды. Бұл талапты ешқандай мемлекет те, ешқандай қоғам да заң жүзінде болсын, моральдық-этикалық кодекс жүзінде болсын, міндеттей алмайтын нәрсе. Егер біз қайырымдылыққа ақша бөлетін болсақ, біреуге көмек жасағымыз келсе, оның негізінде тек қана біздің өзіміздің еркін, игі міндетіміз ғана жатуы мүмкін, яғни, ол тек қана еркін ерікке негізделуі мүмкін. Көптеген адамдар үшін кофеге көбірек ақша төлеу рационал тұрғыдан, ақыл-парасат тұрғысынан орынсыз болып көрінуі мүмкін. Көбіміз спорттық аяқ-киім алғанда немесе жейде сатып алған кезде не себепті оған көбірек ақша төлеуіміз керек? Бұл біздің жеке мүддемізге нұқсан келтіретін нәрсе қой деп ойлауымыз мүмкін. Неге біз Бангладештегі немесе Қытайдағы бір фабрикада апат болып жатқан жағдайдағы адамдарға көмектесуіміз керек? Одан да біз өзіміздің игілігімізді ойлап, өзіміздің бала-шағамыздың немесе өзіміздің көршілеріміздің игілігін бірінші кезекке қоюымыз керек қой деген сөз. Алайда Батыс елдерінде қазіргі кезде осындай жаһандану процесстерінің нәтижесінде әлемнің түкпір-түкпіріндегі ең ауыр жағдайда өмір сүріп жатқан адамдарға көмек көрсету үлкен, кеңінен таралып жатқан трендке айналып отырғаны да ақиқат. Осындай трендтерді қолдау үшін әртістер, кино-жұлдыздар әртүрлі іс-шараларды ұйымдастырып, миллиондаған, миллиардтаған қаржыларды жинап, игі істерді жүзеге асыруда. Мысалы, Қазақстанды еске алатын болсақ, Іле-Балхаш жағалауындағы экожүйені, ондағы тоғайларды қалпына келтіріп, жолбарыстардың қайтып келуі үшін жалпы инфрақұрылымды, яғни, жолбарыстарға азық болатын жан-жануарлардың фаунасын қалпына келтіру мәселесіне де біраз қаржы бөлініп, оның өкілі ретінде танымал жұлдыз Леонардо диКаприо өкілеттік еткен болатын. Осындай кең сұрақтардың барлығы бізге міндетті ме, міндетті емес пе деген мәселе – таза этикалық-моральдық мәселе. Мұндай этикалық сұрақтар, жалпы, жаһандану контекстіне келген кезде қайта-қайта көтеріле беретіні түсінікті, себебі, жаһандық әділдік этикасы ішкі қайшылықтарға толы мәселе. Біз жаһандандық әділеттілік мәселесін жоғары қоюымыз керек пе, әлде жергілікті, өз еліміздің, өз ұлтымыздың, өз жақындарымыздың мәселесін бірінші орынға қоюымыз керек пе деген мәселе туындайды. Жаһандану дегеніміз бүкіл дүниежүзіндегі іскерлік, мәдени, саяси жүйелердің біршама интеграцияланып, бір-бірімен ынтымақтаса, әрекеттесе отырып, еңбек етуінің көрінісі болуы тиіс. Жаһандандуды тарихи бір процесс ретінде суреттесек болады. Ол жергілікті, ұлттық экономикалардың әлемнің барлық түкпір-түкпіріндегі экономикалармен байланысын, олардың өзара капиталдарының бір-біріне ауысып отыруын сипаттайтын үдеріс болып шығады. Ол жерде тек қана капитал емес, тауарлар, қызметтер, жұмыс күші, технологиялар, идеялар, тәжірибе және басқа да факторлардың халықаралық шектерден өтіп, бір-біріне ауысып отыратынының процесі. Жаһандану дегеніміз - қазіргі таңда нақты бар, шындық нәрсе. Әлем барған сайын интеграцияланып жатыр, біз одан ешқайда қашып құтыла алмаймыз. Жаһандық әділдік дегеніміз – қазіргі интеграцияланып жатқан әлемдегі жаһандану тұрғысынан қарастырылатын әділдік мәселесіне байланысты туындайтын этикалық сұрақ. Жаһандық әділдіктің жақтастары, жалпы, көбінесе әрбір адамның барлық адамдар үшін жасайтын игілігі, моральдық әрекеттеріне байланысты міндеттемелеріне, жауапкершілігіне баса назар аударады. Ол ешқандай да ұлттық, әлеуметтік, нәсілдік, азаматтық сияқты мәртебелерге тәуелсіз болуы тиіс. Бұл жағдайда жаһандық әділдік дегеніміз - космополиттік сипаттағы дүние. Ол барлық адамдардың жалпыға ортақ мүдделері бүкіл әлемнің азаматтарының игілігіне жұмсалуды тиіс деген пікірді



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Жаһандық әділеттілік және жаһанданудың этикалық мәселелері
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

ұстанады. Біз космополиттік мәселелерді бұған дейінгі дәрістерімізде де атап өткен болатынбыз. Ал егер сіздер осы мәселемен тереңірек танысқыларыңыз келсе, Барбара МакКинонның «Этика» оқулығындағы екінші тарауды ашып оқысаңыздар болады. Біз мұнда жаһандану мен жаһандануға қатысты қарама-қарсы туындайтын процесс – релятивизм мәселесін де ескеруіміз қажет. Және мұнда релятивизмнің діни да айырмашылықтарына баса мән беруіміз керек деп ойлаймын. Егер бұл мәселелерді кейінге ысырып тастайтын болсақ немесе олардан жаһандық мәселелерді жоғары қоятын болсақ, бұл жалпы әділеттілік мәселесінің өзіне күмән келтіруі мүмкін. Бүкіл әлемді қамти алатын моральдық шектер бар ма деген мәселеге келетін болсақ, бұл әлде де күмәнді және әртүрлі пікірлерді алға тартатын, біржақты жауабы жоқ мәселе болып шығады. Әлем дегеніміз біртұтас бір жүйе ме? Әлде әлем өзінің жеке-жеке құндылығы бар, өзінің басқаларға ұқсамайтын бірегей ұлттары бар, экономикасы, өркениеті бар түрлі бөлшектерден құралған тұтастылық па? Олардың әрқайсысы, ең алдымен, өзіне-өзі қамқорлық жасау керек пе? Әлде, жаһандануға сай, барлығы бір-біріне қамқорлық жасауы керек пе? Қамқорлықтың қай түрі бірінші кезекке шығу керек деген мәселе осы жаһандық әділдік мәселесінің негізінде жатқан басты этикалық сауалдардың бірі. Қазіргі корпорациялардың, түрлі саяси ұйымдардың жаһандық сипат алып бара жатуы, түрлі қайырымдылық көрсетудің халықаралық ұйымдарының қалыптасып жатқанының барлығы осы жаһандану процесстеріндегі өзара әрекеттесу мәселелеріне келгендегі заңнаманың, түрлі нормалардың, ережелердің қалыптасуын алдыңғы қатарлы мәселелердің бірі етеді. Осындай ережелерді, заңдарды бекітуде кім басты рөлге ие болуы керек? Халықаралық келісімшарттардағы үкіметтік емес ұйымдардың және көпұлтты корпорациялардың негізгі ережелері қандай ұстанымды бірінші кезекке қоюы керек? Мұның бәрі әлде де дүниежүзінде талқыланып, шешіліп келе жатқан мәселелердің бірі. Осындай талқылаулардың, пікірталас алаңдарының бірі ретінде Швейцариядағы жыл сайынғы болатын Бүкіләлемдік экономикалық форумды атауға болады - Давостағы. Ол жерде осындай жаһандық мәселелер және жергілікті мәселелердің жаһандық мәселеге әсер етуіне байланысты көтерілетін сан түрлі сауалдарды қазіргі заманның ең үздік ғалымдары, қоғам қайраткерлері, сан түрлі саяси қайраткерлер ортаға салып, көтеріп келе жатыр. Жалпы мұндай ұйымдардың осындай талқылау, пікірталас білдіру алаңдарының бар болуы жаһанданып жатқан әлем үшін, әрине, өте пайдалы практика. Жаһандық әділеттілік мәселесі, негізінде, өте қызықты мәселе. Және ол қанша жерден өзімізді тек бір ұлттың, бір отбасының немесе бір қоғамның, бір елдің ғана мүшесі ретінде сәйкестендірсек те, өзімізді жаһандық әлемнен оқшау алып қала алмайтын деңгейге жеткен, интеграцияланып жатқан елде өзіміздің орнымызды анықтап алу өте маңызды мәселе екені анық.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Ian Goldin and Mike Mariathasan, *The Butterfly Defect: How Globalization Creates Systematic Risks, and What to Do About it* (Princeton, NJ: Princeton University Press, 2014).
2. Peter Grier, “The Walt Disney Company Pulls Out of Bangladesh: Will That Make Workers Safer?,” *Christian Science Monitor*, May 3, 2013, accessed June 25, 2013, <http://www.csmonitor.com/USA/2013/0503/The-Walt-Disney-Company-pulls-outof-Bangladesh-Will-that-make-workers-safer>
3. Alex Nicholls and Charlotte Opal, *Fair Trade: Market Driven Ethical Consumption* (London: SAGE Publications, 2005).
4. Peter Griffiths, “Ethical Objections to Fair Trade,” *Journal of Business Ethics* 105 (2012).
5. Thomas Pogge, “Are We Violating the Human Rights of the World’s Poor?,” *Yale Human Rights & Development Journal* 14, no. 2 (2011).
6. Thomas Pogge, *World Poverty and Human Rights* (Cambridge: Polity Press, 2008).
7. Peter Singer, “Famine, Affluence, and Morality,” *Philosophy and Public Affairs* 1, no. 3 (1972): 231.
8. Garrett Hardin, “Living on a Lifeboat,” *Bioscience* 24 (1974): 561–68.
9. Thomas Aquinas, *Summa Theologica*, trans. by the Fathers of the English Dominican Province, Online Edition Copyright © 2008 by Kevin Knight, II–II, Q 66, Art. 7, <http://www.newadvent.org/summa/3066.htm> (accessed July 26, 2013).
10. Alan B. Krueger and Jitka Maleckova, “Does Poverty Cause Terrorism?” *New Republic*, June 24, 2002, 27.
11. Frantz Fanon, *The Wretched of the Earth* (New York: Grove Press, 1968).
12. Dinesh D’Souza, “Two Cheers for Colonialism,” *Chronicle of Higher Education*, May 10, 2002.
13. Dinesh D’Souza, *Obama’s America: Unmaking the American Dream* (Washington, D.C.: Regnery Publishing, 2012).
14. Gary S. Fields, *Working Hard, Working Poor: A Global Journey* (Oxford: Oxford University Press, 2011).



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Жаһандық әділеттілік және жаһанданудың этикалық мәселелері
Дәріс атторы: Ақмарал Байдлаева

15. Joseph E. Stiglitz, *Globalization and Its Discontents* (New York: Norton, 2003).
16. Jagdish Bhagwati, *In Defense of Globalization* (Oxford: Oxford University Press, 2007).
17. Loretta Napoleoni, *Rogue Economics* (New York: Seven Stories Press, 2011).
18. Jeffrey Sachs, *The End of Poverty: Economic Possibilities for Our Time* (New York: Penguin Press, 2005).